## ХАБАРЛАМА

«Ақ жол құрылыс» ЖШС «ҚР Атырау облысында ұзындығы 26 км Атырау қаласының солтүстік айналма автомобиль жолын салу үшін №2 топырақта сазды жыныстар (саздақтар) мен құмдарды өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы «жобасына экологиялық рұқсат алу үшін материалдар» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әкімшілік жағынан № 2 топырақ резерві Атырау қаласының аумағында орналасқан және Атырау қаласынан шығысқа қарай 5,0 км жерде орналасқан.

Учаскенің координаттары: 1. 47°10'57,12" с.ш., 52°05'23,56" в.д., 2. 47°11'01,72" с.ш., 52°05'36,35" в.д., 3. 47°10'46,26" с.ш., 52°06'05,41" в.д., 4. 47°10'36,99" с.ш., 52°05'42,35" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты 09.04.2026 ж., 10:00,

Атырау облысы, Атырау қ.ә., Қайыршақты а. о., Томарлы а., ауыл әкімдігі. Бейнеконференция сілтемесі:

https://us06web.zoom.us/j/89153927162?pwd=Q22u4bdjM5FleIsCAyPzeykarm3Mop.1

Конференция идентификаторы: 891 5392 7162

Кіру коды: 353384

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail – atr.priroda@atyrau.gov.kz, телефон – 8 (7122) 35-45-59. Сайт - https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru.

Тапсырыс беруші «Ак жол курылыс» ЖШС, Таушық ауылы, Ардагерлер көшесі. БСН: 030940002856.

Әзірлеуші: «Актау-ГеоЭкоСервис» ЖШС, БСН 110140002814, Ақтау қ., 15 мкр, 67 үй.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – atr.priroda@atyrau.gov.kz, телефон - 8 (7122) 35-45-59..

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Огни Мангистау» газетінің басылымында, «Love Radio» радиоарнасының эфирінде, сондай-ақ хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

## ХАБАРЛАМА

«Ақ жол құрылыс» ЖШС «ҚР Атырау облысында ұзындығы 26 км Атырау қаласының солтүстік айналма автомобиль жолын салу үшін №4 топырақта сазды жыныстар (саздақтар) мен құмдарды өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы «жобасына экологиялық рұқсат алу үшін материалдар» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әкімшілік жағынан №4 топырақ резерві Атырау қаласының аумағында орналасқан және Атырау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 13,9 км жерде орналасқан.

Учаскенің координаттары: 1. 47°13'09,38" с.ш., 51°43'01,89" в.д., 2. 47°13'15,66" с.ш., 51°43'15,59" в.д., 3. 47°13'16,02" с.ш., 51°43'29,46" в.д., 4. 47°13'18,19" с.ш., 51°43'33,29" в.д. 5. 47°13'16,79" с.ш., 51°43'41,83" в.д., 6. 47°13'11,72" с.ш., 51°43'42,27" в.д., 7. 47°13'08,47 с.ш., 51°43'39,81" в.д., 8. 47°13'08,52" с.ш., 51°43'35,4" в.д, 9. 47°13'02,47" с.ш., 51°43'29,52" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты-09.04.2026 ж., 16:00, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алмалы а.о., Томан а., ауыл әкімдігі.

Бейнеконференция сілтемесі:

https://us06web.zoom.us/j/87693261913?pwd=2Xbx5N9YBz7lS4zGbbtbibtZdga2DF.1

Конференция идентификаторы: 876 9326 1913

Кіру коды: 482235

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган-Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail – atr.priroda@atyrau.gov.kz, телефон - 8 (7122) 35-45-59. Сайт - https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru.

Тапсырыс беруші «Ак жол курылыс» ЖШС, Таушық ауылы, Ардагерлер көшесі. БСН: 030940002856.

Әзірлеуші: «Актау-ГеоЭкоСервис» ЖШС, БСН 110140002814, Ақтау қ., 15 мкр, 67 үй.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail – atr.priroda@atyrau.gov.kz, телефон – 8 (7122) 35-45-59..

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Огни Мангистау» газетінің басылымында, «Love Radio» радиоарнасының эфирінде, сондай-ақ хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

## ХАБАРЛАМА

«Ақ жол құрылыс» ЖШС «ҚР Атырау облысында ұзындығы 26 км Атырау қаласының солтүстік айналма автомобиль жолын салу үшін №5 топырақта сазды жыныстарды (саздақтарды, құмды саздарды) өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы «жобасына экологиялық рұқсат алу үшін материалдар» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әкімшілік жағынан №5 топырақ резерві Атырау қаласының аумағында орналасқан және Атырау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 6,0-де орналасқан.

Учаскенің координаттары: 1. 47°12'07,27 с.ш., 52°03'46,39 в.д., 2. 47°11'56,18 с.ш., 52°04'24,18 в.д., 3. 47°11'43,53 с.ш., 52°04'16,53 в.д., 4. 47°11'54,39 с.ш., 52°03'37,88 в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты-09.04.2026 ж., 11:00,

Атырау облысы, Атырау қ.ә., Қайыршақты а. о., Томарлы а., ауыл әкімдігі. Бейнеконференция сілтемесі:

https://us06web.zoom.us/j/84881243244?pwd=CHQwgCrUEQDbkDC9FwZjq9sih77JDc.1

Конференция идентификаторы: 848 8124 3244

Кіру коды: 712357

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган-Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail – atr.priroda@atyrau.gov.kz, телефон – 8 (7122) 35-45-59. Сайт – https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru.

Тапсырыс беруші «Ак жол курылыс» ЖШС, Таушық ауылы, Ардагерлер көшесі. БСН: 030940002856.

Әзірлеуші: «Актау-ГеоЭкоСервис» ЖШС, БСН 110140002814, Ақтау қ., 15 мкр, 67 үй.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail – atr.priroda@atyrau.gov.kz, телефон - 8 (7122) 35-45-59.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Огни Мангистау» газетінің басылымында, «Love Radio» радиоарнасының эфирінде, сондай-ақ хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

«ҚазТрансОйл» АҚ «ҚазТрансОйл» АҚ ҚМҚБ Өндірістік қызмет көрсету базасының ҚОҚ бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (https://ndbecology.gov.kz/) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 5 наурызы мен 12 наурыз аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы; e-mail: e.polosina@kaztransoil.kz, тел.: 8 (7172) 79-16-72.

**Атырау қаласындағы «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің «Жасыл желектерді кесу» көрсететін мемлекеттік қызмет: тәртіп, ереже және жауапкершілік.**

Жасыл желектерді сақтау және ұтымды пайдалану мәселесі Қазақстан Республикасы Экологиялық саясатының басымдықтарының бірі болып қала береді. Қалалар мен ауылдық елді мекендердегі ағаштар мен бұталар маңызды функцияларды орындайды: ауа сапасын жақсартады, шу деңгейін төмендетеді, қолайлы микроклимат қалыптастырады және қоршаған ортаны безендіреді.

Сонымен қатар, жекелеген жағдайларда оларды кесу қажеттілігі туындайды — объектілерді салу, реконструкциялау, инженерлік желілерді салу кезінде немесе ағаштың апаттық жағдайы кезінде. Мұндай жағдайлар үшін «Жасыл желектерді кесу» мемлекеттік қызметі қарастырылған.

Қандай жағдайларда кесуге рұқсат етіледі?

Ағаштар мен бұталарды алып тастау заңды негіздер мен тиісті рұқсат болған жағдайда ғана мүмкін болады. Мұндай негіздерге мыналар жатады:

Құрылыс және абаттандыру жобаларын іске асыру;

жолдар мен инженерлік коммуникацияларды төсеу;

ағаштың төтенше немесе құрғақ күйі;

азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп;

аумақты санитарлық тазарту.

**Әр жеке және заңды тұлғалар өз еркімен кесуге тыйым салынады және әкімшілік жауапкершілікке тартылады.**

**Қызметті кім ұсынады?**

Мемлекеттік қызметті Жергілікті атқарушы орган — «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-сі көрсетеді. Өтінішті жеке тұлға да, заңды тұлға да бере алады.

**Құжаттарды қалай тапсыруға болады:**

- әкімдік кеңсесі арқылы;
- Электрондық үкімет порталы арқылы Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі (eGov.kz);
- электрондық лицензиялау порталы арқылы (e-license.kz).

**Қандай құжаттар қажет?**

Әдетте, өтініш берушіден мыналарды ұсыну талап етіледі:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар;

3)жобалау құжаттамасын (құрылыс кезінде);

4) жасыл екпелердің орналасу схемасы;

5) ағаштың жай-күйі туралы қорытынды (қажет болған жағдайда).

6) кепілдік хат

Өтінішті қарау мерзімі қолданыстағы заңнамамен белгіленеді және әдетте бірнеше жұмыс күнін құрайды.

Өтемақы отырғызу және қалпына келтіру

Негізгі принциптердің бірі-міндетті өтемақы отырғызу. Бұл бір ағашты кесу кезінде өтініш беруші жаңа ағаштардың 10 еселенген санын отырғызуы керек дегенді білдіреді.

Өтемақы мөлшері жергілікті ережелермен анықталады және ағаштың түріне, оның жасына және жағдайына байланысты.

**Заңсыз кесу үшін жауапкершілік.**

Жасыл желектерді заңсыз кесу айыппұлдар мен келтірілген залалды өтеу міндетіне әкеледі. Кейбір жағдайларда, егер қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтірілсе, қылмыстық жауапкершілік те мүмкін.

Неліктен бұл маңызды?

Жасыл кеңістіктер жай ғана абаттандыру элементтері емес. Олар елді мекендердің экологиялық негізін құрайды, биоәртүрлілікті сақтауға ықпал етеді және халықтың денсаулығына тікелей әсер етеді.

Жасыл желектерді кесу жөніндегі мемлекеттік қызмет оларды жоюды жеңілдетуге емес, процесті реттеуге, ашықтықты қамтамасыз етуге және экологиялық теңгерімді сақтауға бағытталған.

Белгіленген тәртіпті сақтау – бұл әрбір азаматтың еліміздің табиғи байлығын сақтауға қосқан үлесі.

## Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 24 ақпандағы №328 қаулысы

**Жер учаскелерін мәжбүрлеп**
**иеліктен шығарудың**
**басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабын басшылыққа алып және «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №06-02-05-4/3110 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көп қабатты тұрғын үйлер құрылысын салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Атырау қаласы, Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, №13 мекенжайында орналасқан қосымшаға сай (15 пәтер иесі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.

3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иелеріне Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, №101-А мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратына хабарласу ұсынылсын.

4. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

**Қала әкімі Ш.Кейкин**

Атырау қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 24 ақпандағы
№328 қаулысына қосымша

**Көп қабатты тұрғын үйлер құрылысын салу жоспарлануына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі**

| № | Меншік иесі | Орналасқан жері | Кадастр № |
|---|---|---|---|
| 1 | Бекетова Рысты | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №1 пәтер | 04-066-044-000-001 |
| 2 | Байдаулетова Аксауле Жамбыловна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №2 пәтер | 04-066-044-000-002 |
| 3 | Джумабаева Жаннат | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №4 пәтер | 04-066-044-000-004 |
| 4 | Мендешов Ибатолла | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №5 пәтер | 04-066-044-000-005 |
| 5 | Махмутова Жупар Кашеновна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №6 пәтер | 04-066-044-000-006 |
| 6 | Шигаева Оксана Валерьевна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №7 пәтер | 04-066-044-000-007 |
| 7 | Алишева Алима Екпиновна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №8 пәтер | 04-066-044-000-008 |
| 8 | Смирнова Анна Николаевна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №9 пәтер | 04-066-044-000-009 |
| 9 | Попов Алексей Сергеевич | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №10 пәтер | 04-066-044-000-010 |
| 10 | Кушева Светлана Алексеевна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №11 пәтер | 04-066-044-000-011 |
| 11 | Ергазиева Гульмира Казимовна, Кайдаров Жаныбек Хамзин | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №12 пәтер | 04-066-044-000-012 |
| 12 | Хон Анатолий Александрович Хон Анна Анатольевна Хон Светлана Евгеньевна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №13 пәтер | 04-066-044-000-013 |
| 13 | Зевакина Алевтина Георгиевна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №14 пәтер | 04-066-044-000-014 |
| 14 | Есжанова Медина Ренатовна | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №15 пәтер | 04-066-044-000-015 |
| 15 | Таиров Расим Байрамович | Балықшы шағын ауданы, Ғали Қожақаев көшесі, 13 үй, №16 пәтер | 04-066-044-000-016 |

**Атырау қаласының жер қатынастары,**
**сәулет және қалақұрылысы**
**бөлімінің басшысы Ж.Жумагалиев**

# «Азаматтардың әлеуметтік көмек алу құқығы»

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ – АДАМ ЖАРЫҚ ДҮНИЕГЕ, ӨМІРГЕ ШЫРЫЛДАП КЕЛГЕН СӘТТЕН БАСТАП ПАЙДА БОЛАДЫ. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ - АДАМНЫҢ ӨЗ МҮДДЕЛЕРІН ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІНДІГІ.

Адам құқылары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді.

Табиғи құқықтар дегеніміз – адамның тіршілік етуінен туындайтын құқылары.

Әлеуметтік құқылар дегеніміз – адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын құқықтары.

Адам құқығы - адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ең жоғарғы демократиялық құндылық. Сондықтанда әрбір адам өзінің де, басқаның осы құндылығын бағалай білу және оған ешқандай да зиян келтірмеу керек.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қызметтер көрсету туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексі мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

Конституциямыздың бірінші бабы Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекер айтылмаған.

Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік қорғау – бұл жағдайларға байланысты (Кәрілік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылу және басқа да заңды негіздер) экономикалық белсенді бола алмайтын және лайықты ақылы еңбекке қатысу арқылы өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтардың өмірлік қажеттіліктеріне қол жеткізудің белгілі бір деңгейін және әл-ауқатының белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе.

ҚР Әлеуметтік Кодексі белгіленген әлеуметтік қорғалу құқығына мыналар жатқызылады. Балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысқан жағдайда жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер, жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын адамдарға (отбасыларға) атаулы әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынылуға мұқтаж деп танылған адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және осы Кодекске және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу арқылы азаматтардың жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету түрлері жатады.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде жылдан-жылға құқықтық реформаны күшейте келе, адам құқықтарының бұлжымастығы, мемлекет тарапынан кепілдігін нығайтып келеді.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы құқықтық оқытуға жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, халықтың Қазақстан Республикасының заңнамасын, аса маңызды халықаралық актілерді білу деңгейін арттыруға қатысады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты жолданымдарды және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды.

Халықтың әлеуметтік осал санаттарының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша жәрдем көрсетеді.

Адам құқықтарын дамыту жолындағы тағы да бір маңызды қадам – ол Мемлекет басшысының жарлығымен бекітілген арнайы іс-қимыл жоспары.

Онда ерлер мен әйелдердің тең құқықтары, балалардың, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, мигранттардың құқықтары жайлы, азаптаулар мен адам саудасының алдын алу, тағы да басқа мәселелер бойынша нақты іс-шаралар көзделген.

Аталған мәселелер бойынша Адам құқықтары жөніндегі Өкілдік кеңсесіне келіп түсетін шағымдар баршылық.

2025 жылы Өкіл атына 97 арыз-шағым келіп түсті. Бұл 2024 жылғы қарағанда арыз берушілердің (өткен жылы 73) санының көбейгенін көрсетеді.

Азаматтар көбінесе тергеу органдарының әрекеттеріне, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың басым көпшілігі ауруына байланысты тиісті медициналық көмек алу кезіндегі қиыншылықтарды, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың талапқа сай болмауына шағымданады және соттардың шешімдерімен келіспейтінін білдіреді.

Елімізде адам құқықтарын қорғау саласындағы қабылданған стандарттарды ілгерілету үшін барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар бар.

Ал, біздің, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен оның өкілдерінің міндеті – халықтың пікіріне, сұраныстарына құлақ асып, құқықтарын қорғап, құқықтық мәдениетімізді күшейтіп, барынша заң үстемділігін орнықты қамтамасыз ету.

«ҚазТрансОйл» АҚ «ҚазТрансОйл» АҚ ҚМҚБ Апатты қалпына келтіру пунктінің ҚОҚ бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (https://ndbecology.gov.kz/) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 5 наурызы мен 12 наурыз аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы; e-mail: e.polosina@kaztransoil.kz, тел.: 8 (7172) 79-16-72.